

Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы

Бекітемін:

ЖШС «Нұр-Мерей» бөбекжай бақшаының

меңгерушісі  С.Х.Муминова



# **Меңгеруші жанындағы кеңес отырысы хаттамалары**

2024-2025 ж

**ЖШС «Нұр-Мерей» балабақшасы меңгеруші жанындағы  
2024 оқу жылына арналған кеңес отырысының  
хаттамасы № 1**

Шұбарсу ауылы

27.09.2024 оқу жылы

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.

**1. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.
3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.
5. 3.« Тыңдалды 25 - қазан Республика күніне арналған «Мен Отанның бақытты ұлымын» атты тәрбие сағаты

Тыңдалды :

1 – мәселе бойынша балабақша меңгерушісі С.Х.Муминова құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті сабақ жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс - құжаттарын жүйелігін айтты.

2 – мәселе бойынша шаршуашылық меңгерушісі : С.Х.Муминова Жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орныдарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары болса ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің жарық, жылы болуын қадағаладық. Бүлдіршіндердің ұоқ өту үшін жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың ойын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылды. Сондай – ақ ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

3 – мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.У.Аимбетова . Топтардағы тәрбиешілердің сабақ кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген сабақ кестелері бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді.

**3.Тыңдалды** 25 - қазан Республика күніне арналған «Мен Отанның бақытты ұлымын» атты тәрбие сағаты сценариімен балабақша әдіскері Б.У.Аимбетова таныстырып өтті. Балалардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу. Сценарийде туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру,отанын сүю екенін айтып, туған ел туралы тақпақтар, әндер жобаланғанын айтып өтті.

### Шешімі:

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша меңгерушісіне жүктелсін.
2. Топтардың жабдыкталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақша шаруашылығы бөлімінің басшысы жүктелсін.
3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру құрылды және оқу құжаттардың жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі қанағаттанарлық болып табылды.
5. 3.«Тыңдалды 25 - қазан Республика күніне арналған «Мен Отанның бақытты ұлымын» атты тәрбие сағатының өз уақытында, өз дәрежесінде өтуіне балабақша әдіскері Б.У.Аимбетоваға жауапты.

Хатшы:

Б.У.Аимбетова



**ЖШС «Нұр-Мерей» балабақшасы меңгеруші жанындағы**

**2024 оқу жылына арналған кеңес отырысының  
хаттамасы № 2**

Шұбарсу ауылы

04.11.2024 жыл

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

**1. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Шолу тексеру қорытындысы: «Күн тәртібінің орындалуы»
3. «Алтын күз» атты ертеңгілік жоспарымен танысу, бекіту
4. «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценариймен танысу, бекіту

1.Тындалды балабақша меңгерушісі С.Х.Муминова өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына есеп берді. Балабақшада кезекші топтар қалыпты жұмыс жүргізіп отыр. Барлық санитарлық талаптар орындалуда. Топтар керекті дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз етілген. Сонымен бірге өткен кеңестегі кемшіліктердің орындалуына тоқталып өтті. Топтарда дене шынықтыру құралдары толықтырылған, кітап бұрыштары жаңартылғанын және ойын атрибуттары біршама толықтырылғанына тоқталды.

**2. Тындалды** балабақша әдіскері Б.У.Аимбетова «Топтардағы күн тәртібінің орындалуы» жедел тексеру қорытындысымен таныстырып өтті.Тексеру мақсаты: топтарда күн тәртібінің талапқа сай орындалуы, кемшіліктерді анықтау, түзету.

Жедел тексеру бойынша келесі топтарда күн тәртібінің талапқа сай орындалуына бақылау жүргізілді: «Жауқазын» ересек , «Ақкөгершін» ортағы, «Балауса» ортаңғы Тексеру бойынша топтарда күн тәртібін орындауда өрескел бұзушылықтар анықталмағанын, таңертеңгі қабылдау, гимнастика талапқа сай жүргізіліп жатқанын, балалар мен тәрбиешілердің қарым-қатынасы жақсы екеніне тоқталды.Тәрбиешілер толық келісті Сонымен бірге әдіскер балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес «Алтын күз» ертеңгілік кешінің жоспарымен таныстырды.Сценарий бойынша Тақпақтар, би қимылдары, ойындар бала жасына сай келетініне тоқталды.

Қызметкерлер толық келісті.

4. «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценариймен балабақша әдіскері таныстырды.Ертеңгіліктерде сахналау, әндер және билер бала жасына сай тандалған.Балалардың ертеңгілікке кіруі және аналар мен қыздарға силық

силау сәттері таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Тәрбиешілер ертеңгілікке керекті құралдар мен залды әсемдеу варианттарын ұсынды. Меңгеруші материалдық жағынан көмек беретінін білдірді. Ертеңгілікті 25-26-27.12.2024 оқу жылында өткізуді ұсынды. Меңгеруші толық келісім берді.

### Шешімі:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Күн тәртібінің орындалуы» жедел тексеру қорытындысы қанағаттанарлық.  
Жауапты: тәрбиешілер.  
«Алтын күз» атты ертеңгілік жоспары бекітілсін.
4. «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценарилері бекітілсін. 25-26-27.12.2024 ж күндері өткізілсін.



Балабақша меңгерушісі:  С.Х.Муминова

Хатшысы:

 —

Б.У.Аимбетова

**ЖШС «Нұр-Мерей» бөбекжай балабақшасының меңгеруші  
жанындағы**

**хаттамасы № 3**

Шұбарсу ауылы

17.01.2025 жыл

Қатысқаны:

балабақша қызметкерлері

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау.
2. Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы.
3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу.
4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.

Тыңдалды :

1 – ші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі F.Шахабаев топтардағы табиғат бұрышын ұйымдастырылуын бақылады. Ондағы мақсаты топ бүлдіршіндерінің табиғатқа қамқор болуға, гүлдерді аялап баптай білуге баулу. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Балалармен сабақтан тыс уақыттарда табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен гүлдерге күтім жасалынады. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Мысалы, ас әзірлеу, оқу құралдарын тарату, жинау және табиғат бұрышында еңбек ету. Барлық топтарда гүлдерге күтім жасау үшін еңбек құралдары және арнайы киімдері бар. Күніне екі балаладан кезекшілік жасайды. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суғару, айналасын сұрту, түбін қопсыту күнделікті кезекшілікпен жүргізілетіндігі айтылды.

2 – ші мәселе бойынша әдіскер Б.У.Аимбетова топтардағы тәрбиешілердің және пән жетекшілерінің күнделікті оқу іс - әрекеті жоспарларының уақыты бекітілетіндігін айтты.

3 – ші мәселе бойынша балабақша медбикесі 2024 – 2025 оқу жылының қаңтар айында әр топ ата – аналарымен кезекті жиналыстарына қатысқандығын айтты. Ондағы мақсаты: ата – аналарға бала тазалығы және кейбір аурулардан сақтану үшін әртүрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды. Атап айтатын болсақ, «Тазалық-денсаулық кепілі» тақырыбындағы баяндамасын 5 топқа да оқығандығын айтты. Себебі, қыстың алғашқы кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау басты назарда болуын ескерте



отырып, егер бала ауырған жағдайда бірден бізге ескертіп немесе ауылдық амбулаторияға қаратуларын атап өтті. Сондықтан қыс кезінде балаларды тұмаудан ауырмаудың алдын алу шараларын жүргізу керек айтты. Тұмаудан құтқарудың бірден бір жолы вакцина егтіру екендігін, оны жыл сайын егтіру қажет. Өйткені тұмаудың вирусы үнемі өзгертіп отырадығын және балабақшаға әкелер кезде 0,25% оксалин мазын үнемі жағып келулерін ескертті. Балаларға арналаған «Поливит», «Дуавит», «Центрум» сияқты поливитаминдерді беріп жүрулерін айтты.

4 – ші мәселе бойынша күнделікті таңертең келген ата – аналармен, балалармен амандасып, балалардың таңертеңгілік көңіл күйлерін бақылағандығын айтты. «Жылулық шеңбері» арқылы көңіл күйлерін көтеріп және балалардың уақытылы тамақтануын, гигиеналық тазалықтарын қадағалағандығын айтты. Оқу іс – әрекетінде тәрбиешілердің күнделікті жазылатын технологиялық карталарын бекітіп, оқу іс - әрекетіне қажетті құрал –жабдықтарын тексерді. Оқу іс – әрекет процесіне қатысқандығын айтылды. Серуен кезінде балаларды қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылатып, ойын алаңында қызықты ойындар ойнатылғандығын бақыланды. Түскі ас кезінде балалардың дұрыс тамақтанулары қадағаланды. балаларды тәтті ұйқыға жатқызу кезінде ертегілерді айтқандары бақыланды. Ұйқыдан ояңған кезде сергіту жаттығулары, ойындар мен шынықтыру шаралары ұйымдастырылғандығын айтты. Балаларға бесін тамақ берілгеннен кейін, әртүрлі сюжеттік, рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар ойнатылғандықтары бақыланды. Балаларды үйлеріне шығарып салғандарын бақылағандығын айтты.

### Шешімі:

1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау жұмыстар жалғастырылысын.
2. Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы жақсарту ай ма ай перспектива мен циклаграмма жасалынсын.
3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу бағыттары нақтылансын.
4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыруға жауапты балабақша медбикесі және әдісері болып табылсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



С.Х.Муминова

Б.У.Аимбетова